

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

РЕКТОРАТЫНЫҢ 2021 жылғы 26 сәуірдегі ҚАУЛЫСЫ

1. Біліктілікті арттыру және қашықтықтан білім беру орталығының басшысы А.А.Семченконың «Біліктілікті арттыру және қашықтықтан білім беру орталығының жұмысы туралы» акпаратын тыңдап және талқылай келе, РЕКТОРАТ ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:

№	Тапсырма	Орындаушы	Мерзімі
1	Біліктілікті арттыру және қашықтықтан білім беру орталығының басшысы А.А.Семченконың «Біліктілікті арттыру және қашықтықтан білім беру орталығының жұмысы туралы» мәселесі жөніндегі акпараты <i>назарға алынсын.</i>		
2	<ul style="list-style-type: none"> - Қалыптасқан пандемиялық жағдайды ескере отырып, орталықтың жұмысын жоспарлансын. - Профессорлық-оқытушылық құрамның кәсіби шеберлігін арттыруға бағытталған 2021-2022 оқу жылына арналған біліктілікті арттыру курстарының жоспары дайындалсын; - 2021 жылғы Жазғы мектеп бағдарламасына кафедра менгерушілері мен институт директорларының оқу ісі жөніндегі орынбасарлары үшін «Кафедраның ПОҚ біліктілігін арттыруды ұйымдастыру» тақырыбы бойынша сессия енгізілсін; - Тапсырыс берушілердің сұраныстары бойынша шаруашылық есептегі(ақылы) біліктілікті арттыру курстарын өткізуді жалғастырылсын. - Қашықтықтан білім беруді акпараттық сүйемелдеу бойынша жұмысты жандандырылсын. - Институттардың ПОҚ-ын бейне дәрістерді дайындау және жазу бөлігінде интерактивті панельдерді пайдалануға оқыту жүргізілсін. - Қашықтықтан білім беру үшін интерактивті панельдерді қолдана отырып, бейне дәрістерді түсіру процесі пысыкталсын. - Университеттің ашық онлайн курстарын қолдау жүзеге асырылсын. - Университет аясында ЖАОК жобасын жүзеге асыруға ықпал ету жұмыстары ұйымдастырылсын. 	<p><i>Біліктілікті арттыру және қашықтықтан білім беру орталығының басшысы А.А.Семченко</i></p>	

2. Білім алушыларға кәсіби бағдар беру және қабылдау орталығының директоры Н.Әуесбекұлының «Институттардағы кәсіптік бағдарлау жұмысының барысы туралы» ақпаратын тыңдап және талқылай келе, **РЕКТОРАТ ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

№	Тапсырма	Орындаушы	Мерзімі
1	<i>Білім алушыларға кәсіби бағдар беру және қабылдау орталығының директоры Н.Әуесбекұлының «Институттардағы кәсіптік бағдарлау жұмысының барысы туралы» есебі - назарға алынсын.</i>		
2	- талапкерлерден «on-line режимінде электронды құжат қабылдау, емтихан қабылдау» жүйесін іске қосу жүктелсін.	<i>Білімді ақпараттандыру департаментінің директоры м.а. Т. Серикбаев</i>	20.05.2021
3	- бакалавриат, магистратура, докторантура бойынша 2021/2022 оқу жылына қабылдау жүргізілетін білім бағдарламаларының тізімін нақтылап бекіту жүктелсін.	<i>Білім беру бағдарламасын жобалау департаменті директоры А.Байдильдина</i>	05.05.2021
4	- шығармашылық мамандықтарға түсуші талапкерлерден құжат қабылдау, түсу емтихандарының бағдарламасын дайындап бекіту және шығармашылық емтихандарын қабылдау жұмыстарын ұйымдастыру жүктелсін.	<i>Өнер, мәдениет және спорт институтының директоры Т. Қожағұлов және кафедра меңгерушілері</i>	25.05.2021
5	- 2021-2022 оқу жылына шетелдік студенттерді университетке тарту жұмыстары күшейтілсін.	<i>Шетелдік азаматтарға арналған ЖОО-на дейінгі дайындық факультетінің деканы Ф. Таубаева, институт директорлары</i>	
6	- бакалавриатты бітіретін түлектерді магистратураға тарту мақсатында кәсіби бағдар беру жұмыстары жүргізілсін; - магистратура мен докторантураға мамандық бойынша түсу емтихандарының бағдарламаларын дайындап Университет сайтына орналастыруын қадағалау, докторантураға түсуші үміткерлердің шет тілі бойынша халықаралық сертификаттарды өз уақытында алуын қадағалау жүктелсін.	<i>Институт директорлары және кафедра меңгерушілері</i>	20.06.2021
7	- 2021/2022 оқу жылына қабылдау комиссияның жұмыс атқаратын орнын санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сай болатындай дайындық жұмыстары жүргізілсін.	<i>Инфрақұрылымды дамыту жөніндегі департамент директоры Р.М.Тыныбеков</i>	10.06.2021

8	- 2021-2022 оқу жылына талапкерлерді қабылдау комиссиясының жұмысына қатысты барлық ақпараттық-жарнамалық материалдарды өз уақытында университет сайтына орналастыру жүктелсін	<i>Білім алушыларға кәсіби бағдар беру және қабылдау орталығы директоры Н.Әуесбекұлы, қоғаммен байланыс бөлімінің басшысы М. Ахметов</i>	15.05.2021
---	--	--	------------

3. Осы қаулының орындалуын бақылау академиялық мәселелер жөніндегі проректор – Басқарма төрағасының орынбасары
А. Сатмырзаевқа жүктелсін.

Ректорат төрағасының орынбасары

Бас ғалым хатшы



А. Сатмырзаев

А.Сатмырзаев

Ж. Сейсенбаева